

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ – ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Веб конференция Webex

№1

21 қазан 2021 жыл

ОӘБ Төрағасы Нургожин Т.С.

ОӘБ Төрағасының орынбасары Сыдықова С.И.

ОӘБ аткарушы директоры Ахметов В.И.

### КҮН ТӘРТІБІ

1. 2021 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері, ҚР Денсаулық сақтау кадрларының қамтамасыз етілуін талдау, баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО денсаулық сақтаудың менеджмент және кадрлық ресурстар орталығының бас маманы Умралин Т.Б.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру түлектерінің 2020-2021 оқу жылындағы кәсіптік даярлығын бағалау қорытындылары, баяндамашы «ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылары мен түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің жетекші маманы Кенчинбаев О.К.
3. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, баяндамашы «ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылары мен түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы Досмамбетова К.К.
4. «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрылымына өзгерістер енгізу, баяндамашы ОӘБ Нургожин Т.С.
5. ЖБТ-ның, комитеттердің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының құрамын өзектендіру және бекіту, баяндамашылар ЖБТ төрағалары *(әр баяндамашының сөз сөйлеу регламенті 5 минут)*
6. Әртүрлі
  - 6.1 Магистрлік және докторлық диссертацияларға арналған зерттеулердің өзекті тақырыптарын талқылау және бекіту, баяндамашы ҰҒДСДО Басқармасы төрағасының орынбасары Койков В.В.
  - 6.2 Ғылыми-білім беру компоненті бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың, нормативтік құқықтық актілердің ұсыныстарын қарау, баяндамашы Денсаулық сақтау саласындағы басым МЖӘ жобаларын іске асыру шеңберінде кадрлық-оқу компоненті бойынша жобалық менеджер Наурызбаева А.А.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
	Редакция: 1 6 беттің 2 беті	

### 1-сұрақ.

2021 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері, ҚР Денсаулық сақтау кадрларының қамтамасыз етілуін талдау.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО денсаулық сақтаудың менеджмент және кадрлық ресурстар орталығының бас маманы Умралин Тимур Болатович 2021 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелері туралы баяндады, ҚР Денсаулық сақтау кадрларының қамтамасыз етілуіне талдау жасады.

Талқылауға Білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

### ШЕШІМ:

- 1.1 ОӘБ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ҚР БҒМ-ге жас мамандарды міндетті жұмыспен өтеу мәселесін реттейтін НҚА-ға толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы өтініш беруді ұсынады:
- 1) жас мамандарды жүктілік және 3 жасқа дейінгі бала күтімі себебінен міндетті жұмыспен өтеуден босату жөніндегі норманы бітірушілерге осы санаттағы жұмысты өтеуден кейінге қалдыруды беруге ауыстыру («Білім туралы» ҚРЗ, 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 ҚРҰҚ «Маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы»);
  - 2) бөлу орны бойынша және ҚР ДСМ комиссиясының шешіміне сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарында жас мамандардың міндетті үш жылдық жұмыс істеуі (2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 ҚРҰҚ);
  - 3) жас мамандарды тұрақты жұмысқа орналастыру процесін цифрландыру және автоматтандыру, сондай-ақ оларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларына мониторинг жүргізу мақсатында ҚР ЕХӘҚМ электрондық еңбек биржасының ресми интернет-ресурсының деректерін жас мамандарды дербес бөлу және www.enbek.kz сайт арқылы медициналық білім беру және ғылым ұйымдарының түлектерін міндетті бөлуді нормативтік бекіту үшін негіз болып табылады (Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, ҚРҰҚ 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390).
- 1.2. ОӘБ ҚР ДСМ-ге «Жас мамандарды және философия докторларын (PhD) жұмысқа бөлу жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № ҚР ДСМ-77 бұйрығына, жұмысқа бөлу жөніндегі Комиссия өз қызметінде резидентурада кадрлар даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын жыл сайынғы орналастыру нәтижелерін ескеретіні туралы толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ұсынады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакция: 1 6 беттің 3 беті

1.3. ОӘБ жоғары оқу орындарына, ҒЗИ, ҰО, ҚР ДСМ өңірлік қажеттілікке сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысын резидентурада орналастыру кезінде одан әрі жұмыс істеу туралы міндеттемелер шарттарын жасасу арқылы кадрларды нысаналы даярлауды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыруды ұсынады.

## 2-сұрақ.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру түлектерінің 2020-2021 оқу жылындағы кәсіптік даярлығын бағалау қорытындылары.

### ТЫҢДАЛДЫ:

«ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылары мен түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің жетекші маманы Кенчинбаев Олжас Қайратұлы 2020-2021 оқу жылының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру түлектерінің кәсіби дайындығын бағалау қорытындылары туралы хабардар етті.

Талқылауға Білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

### ШЕШІМ:

- 2.1 Денсаулық сақтау саласындағы Білім және ғылым ұйымдары 2020-2021 оқу жылының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау қорытындылары туралы ақпаратты назарға алсын және іске асырылатын білім беру бағдарламаларына тиісті түзетулер енгізісін.
- 2.2 Денсаулық сақтау саласындағы Білім және ғылым ұйымдары 2021 жылғы 10 қарашаға дейін ұлттық тәуелсіз емтихан орталығына қанағаттанарлықсыз нәтиже алған және бағалауға келмеген түлектердің кәсіптік даярлықты бағалаудан қайта өту қағидалары бойынша ҚР ДСМ № 249 «Денсаулық сақтау саласындағы білім алушылардың білімі мен дағдыларын, түлектер мен мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидалары» бұйрығына ұсыныстар енгізісін, жауапты - білім және ғылым ұйымдарының басшылары.
- 2.3 Білім және ғылым ұйымдары ҰТЕО-мен тәуелсіз бағалау жүргізуге шарт жасасу кезінде бөлімдер мен пәндер бөлінісінде ББ бойынша бітірушілердің бағасына талдау жасауды көздесін.
- 2.4 ҰТЕО бағдарламаларды талдау үшін ЖБТ сұраулары бойынша 2021 жылғы түлектерді бағалау нәтижелері бойынша бөлімдер мен пәндер бөлінісінде ББ игерудің нәтижелілігін ұсыну.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

### 3-сұрақ.

Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

«ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы ББ білім алушылары мен түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы Досмамбетова Кульсара Коралбаевна білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау туралы ақпарат ұсынды.

Талқылауға Білім және ғылым ұйымдарының өкілдері қатысты.

#### **ШЕШІМ:**

3.1 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды пилоттаудың жол картасы жобасы бойынша ұсыныстарды 2021 жылғы 30 қазанға дейін ұлттық тәуелсіз емтихан орталығына жіберсін, жауаптылар – білім беру ұйымдарының басшылары.

### 4-сұрақ.

«Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрылымына өзгерістер енгізу

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ Төрағасы Нургожин Талгат Сейтжанович «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрылымындағы өзгерістерді таныстырды.

#### **ШЕШІМ:**

4.1 «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ туралы Ережеге Толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін

4.2 «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ қосымша және бейресми білім беру бойынша ОӘБ секциясының құрамы мен жұмыс жоспарын бекіту

4.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша ОӘБ секциясының құрамы мен жұмыс жоспары бойынша ұсыныстар 26 қазанға дейін мына электронды почтасына жіберілсін [umo.rums.med@gmail.com](mailto:umo.rums.med@gmail.com)

4.4 Секциялардың құрамы мен жұмыс жоспарлары туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру (ОӘБ сайты), жауапты – ОӘБ әдіскері, орындау мерзімі а. ж. 27 қазан

4.5 ОӘБ «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ құрамына кіретін Білім және ғылым ұйымдарының басшыларына ОӘБ, секциялар, ЖБТ және комитеттердің неғұрлым белсенді мүшелерін ынталандыру және көтермелеу туралы өтініш жасайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакция: 1 6 беттің 5 беті

### **5-сұрақ.**

ЖБТ-ның, комитеттердің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының құрамын өзектендіру және бекіту.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

ЖБТ төрағалары ЖБТ-ның және комитеттердің 2021-2022 оқу жылына арналған құрамы, жұмыс жоспарлары туралы ақпарат ұсынды.

#### **ШЕШІМ:**

- 5.1 ЖБТ-ның, комитеттердің 2021-2022 оқу жылына арналған құрамы мен жұмыс жоспарлары бекітілсін.
- 5.2 Құрамы мен жұмыс жоспары туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте (ЖБТ сайттары) орналастырсын, жауаптылар – ЖБТ төрағалары, орындау мерзімі ағымдағы жылғы 27 қазанға дейін.
- 5.3 ЖБТ қызметі туралы ақпаратты (отырыстар мен іс – шаралардың хаттамалары мен материалдары) ашық қолжетімділікте орналастыру, жауаптылар-ЖБТ төрағалары, орындау мерзімі тұрақты.

## **6. Әртүрлі**

### **6.1-сұрақ.**

Магистрлік және докторлық диссертацияларға арналған зерттеулердің өзекті тақырыптарын талқылау және бекіту

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

ҰҒДСДО Басқармасы төрағасының орынбасары Койков Виталий Викторович магистрлік және докторлық диссертацияларға арналған зерттеу тақырыбын талқылауға ұсынды.

#### **ШЕШІМ:**

- 6.1.1 «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша магистрлік және докторлық диссертацияларды зерттеудің өзекті тақырыптары бекітілсін.
- 6.1.2 Басым бағыттар туралы ақпаратты ОӘБ (<https://kaznmu.kz/rus/obrazovanie-2/uchebno-metodicheskoe-obedinenie/>) және ҰҒДСДО (<http://www.rcrz.kz/>) сайттарына орналастыру, орындау мерзімі а. ж. 27 қазанға дейін
- 6.1.3 Жыл сайын магистрлік және докторлық диссертациялар тақырыптарының басым бағыттарының тізбесін қалыптастыру, сондай-ақ бекітілген тақырыптардың мониторингін "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша ОӘБ отырысында есеп пен талқылаумен бірге ҰҒДСДО-на бекіту.

### **6.2-сұрақ**

Ғылыми-білім беру компоненті бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың, нормативтік құқықтық актілердің ұсыныстарын қарау.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакция: 1 6 бетін 6 беті

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Денсаулық сақтау саласындағы басым МЖӨ жобаларын іске асыру шеңберінде кадрлық-оқу компоненті бойынша жобалық менеджер Наурызбаева жобалық кеңсенің қызметі туралы хабардар етті және денсаулық сақтау объектілерін салу саласындағы ғылыми-білім беру компоненті бөлігінде НҚА-ны өзгерту және толықтыру жөніндегі ұсыныстарды талқылауға шығарды.

**ШЕШІМ:**

- 6.2.1 ОӘБ «Емдеу-алдын алу мекемелері» ҚР ҚН-на 3.02-13-2014\* және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды өзектендіру шеңберінде әзірленген ғылыми-білім беру компоненті бойынша «Емдеу-алдын алу мекемелері» ҚР БҚ-на 3.02-113-2014\* өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады.
- 6.2.2 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру шеңберінде ғылыми-білім беру компоненті бойынша әзірленген ұсыныстарды мақұлдау.

ОӘБ Төрағасы



Нургожин Т.С.